

## МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

**Бөрібекова Ф., Тынысбай М.Т.**

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.*

E-mail: ms.mikoshka@mail.ru

Мақалда бүгінгі қоғам қажеттілігінен туындап отырған негізгі талаптардың бірі мектеп табалдырығын аттаған жас жеткіншектерді парасатты да саналы азамат етіп тәрбиелеу – кәсіби шебер мұғалімнің қолында екендігі басты назарда. Сондықтан бүгінгі жаңашыл талапты мектеп мұғалімі мектеп оқушыларына тек білім беріп қана қоймай, оларға халықтық педагогиканың нәрлі қайнарымен сусындату арқылы әрбір оқушы бойына ұлттық мінез-құлық, адамгершілік, сыпайлылық пен кішіпейілдік қасиеттерін қалыптастыруға, баланың жан дүниесін рухани қазыналармен байытуға жетекшілік ететін ұстаз – ұлы тұлға жөнінде. Мұғалім қолында адам тағдыры, болашақ ел тағдыры тұрады өсіп, дамып келе жатқан ұрпақпен жұмыс істейді. Сол жас бүгінгі күннің жаңалығынан сырт қалмай ізденісте болу үшін заман талабына лайық жаңа білім, жаңа тәрбие керек. Мұғалім сөзімен, ісімен, мәдениетімен, білікті білімімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, балалармен тіл табысудағы қасиетімен асқақ, өз кәсібін қадірлеген ұстаз ғана педагогтік мәртебесін биік ұстай алады. Қазіргі қоғамда қажетті де осындай ұстаздар.

Өйткені, бәсекеге қабілетті тұлға даярлауда білім сапасын көтерудің негізгі тетігі – білімді ұстаз. Яғни мұғалімнің кәсіби шеберлігі жоғары болған жағдайда – білім сапасы да артады дегім келеді. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі оқушының мектепте ғана емес, өмірде де табысты болуына ықпал етеді.

**Тірек сөздер:** мектеп реформасы, кәсіби біліктілік, ізденпаз мұғалім, педагогикалық үдеріс, педагогикалық шеберлік, ақпараттық жүйе, оқу үдерісі, инновациялық білім.

В статье рассказывается о основных требований, вытекающих из потребностей современного общества, является воспитание умного и сознательного гражданина – учителя-профессионала. Поэтому сегодня учитель школы не только дает знания школьникам, но и наставляет их на формирование у каждого ученика национальных качеств характера, нравственности, вежливости и смирения, обогащает душу ребенка духовными сокровищами, питая их питательными источниками народной педагогики. Учитель работает с подрастающим и развивающимся поколением, в руках которого живет судьба человека, судьба будущей страны. Для того, чтобы оставаться в курсе событий сегодняшнего дня, нужны новые знания, новое воспитание, достойное современных требований. Только педагог, уважающий свою профессию, гордый своими словами, делами, культурой, квалифицированными знаниями, организаторскими способностями, навыками общения с детьми, может сохранить высокий педагогический статус. В современном обществе нужны и такие учителя. Ведь основной механизм повышения качества образования в подготовке конкурентоспособной личности – образованный учитель. При высоком профессионализме учителя – качество знаний тоже повышается. Профессиональное мастерство учителя способствует успеху ученика не только в школе, но и в жизни.

**Ключевые слова:** реформа школы, профессиональная квалификация, востребованный учитель, педагогический процесс, педагогическое мастерство, информационная система, учебный процесс, инновационное образование.

*The article describes the main requirements arising from the needs of modern society, is the education of an intelligent and conscious citizen - a professional teacher. Therefore, today the school teacher not only gives knowledge to schoolchildren, but also instructs them to form national qualities of character, morality, politeness and humility in each student, enriches the child's soul with spiritual treasures, feeding them with nutritious sources of folk pedagogy. The teacher works with the younger and developing generation, in whose hands lives the fate of a person, the fate of a future country. In order to stay up to date with the events of today, we need new knowledge, a new upbringing worthy of modern requirements. Only a teacher who respects his profession, proud of his words, deeds, culture, qualified knowledge, organizational skills, communication skills with children, can maintain a high pedagogical status. In modern society, such teachers are also needed. After all, the main mechanism for improving the quality of education in the preparation of a competitive personality is an educated teacher. With the high professionalism of the teacher, the quality of knowledge also increases. The professional skill of the teacher contributes to the success of the student not only in school, but also in life.*

**Keywords:** school reform, professional qualifications, in-demand teacher, pedagogical process, pedagogical skills, information system, educational process, innovative education.

**Кіріспе.** «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай Құнанбайұлы атамыз айтқандай қазіргі таңда ұстаздықтың кәсіби деңгейіне аса ден қойылып отыр. Оқушының қазіргі заманға сай бәсекеге қабілетті, зияты жоғары, терең білімді болып шығуы – тікелей мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты.

Бүгінгі күні қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес білім беру мақсатында оқушыларды әлемдік даму деңгейіне сәйкес келетін белгілі бір білім мен қаруландыруды қажет етсе, екіншіден әрбір мемлекеттің өзіндік ұлттық ерекшеліктеріне орай ұлттық сана-сезімін саналы түрде тәрбиелеуді көздейді. Бұл міндетті шешуде ҚР аумағында 2018 жылдан бастап білім берудің жаңа мазмұнын енгізу, мемлекеттік стандарттарының қайтадан жасалуы, оқушылардың стандарт деңгейіне сай білім алуының талап етілуі, білім беру үдерісінің өзекті мәселесінің бірі. Ол үшін бүгінгі таңда оқытудың дәстүрлі әдіс-тәсілдерін өзгертіп, оқыту үдерісіндегі педагогикалық озық технологияларды тиімді қолдануды және мұғалімдердің әдістемелік даярлықтарына қойылатын талаптарды күшейте отырып, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдері мен формаларын ұтымды ұйымдастыруды жетік меңгере білгенде ғана өз шешімін табуда.

Жалпы бала жаны жаңалыққа құмар, білмегенін білгісі келіп, белгісіз нәрсені ашуға тырысатын болғандықтан, бастауыш сыныптан бастап мектеп мұғалімдері олардың осы талпынысын дамытуға көңіл бөлуі тиіс. Оқушылардың сүйіспеншілігін арттыру мақсатында сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді енгізіп, күнделікті өтілетін әрбір сабақты ұтымды ұйымдастыра білу – мұғалімнің басты міндеті екені белгілі. Мұндай жағдайда мұғалімнің шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеті үлкен рөл атқарады. «Тәрбиелеуде мұғалімнің өзінің не біліп, не істейтіні маңыздырақ. Бірақ оның ықпалымен шәкірттерінің не біліп, не істейтіні онан да маңыздырақ. Мұғалімдер, міне, осынысымен бағаланады» (Цицерон). Мұғалімнің білімі жоғары болғанымен, шәкіртке ең бірінші керегі - тәрбие. «Тәрбиесіз берілген білім, болшаққа қойылған қауіп». Ұлы ұстазымыз Ы.Алтынсарин сөзі бойынша, ең бірінші оқушының тәрбиесі, алатын орны, өмірінің маңызы және қызызушылығы мен алға қойған мақсаты болу керектігін ұғынамыз. Сонда ғана, оқушының білімге деген ынтасы мен жігері артады. Мұғалімде өзінің шеберлігін осы тұрғыда дамытуы қажет деп ойлаймын.

**Негізгі бөлім.** Жалпы мектеп мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты мәселелер көптеген жауапкершілікті талап етеді. Қазақстан Республикасы аумағындағы орналасқан жалпы білім беретін және кәсіби білім беретін мектептердегі жүргізіліп жатқан реформалар өзінің педагогикалық жүйесінде принципті өзгерістерді қажет етеді. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің негізгі принциптері мен мақсаттары өзгеруде, оқу ақпаратының мазмұны жаңаруда, педагогикалық коммуникация құралдары, және

педагогикалық әсер етудің объектісі – оқушылар да айтарлықтай өзгеруде. Бүгінгі таңда мектеп оқушыларына жай ғана түсіндіріп қана қоймай әрбір түсіндірген сөздерінің мән-мағынасын тереңінен түсіндіруге бүгінгі күні оқытудың ақпараттық жүйесі АКТ яғни түрлі технолоиялар арқылы оқушы зейінің, қызығушылығын арттыру арқылы түсіндірудің мүмкіншіліктері көп. Бұндай жағдайда көзбен көрген нәрсені сезіну арқылы баланың ой жүйелері толастай түсуге мүмкіндік туады.

Мұғалім педагогтік, психологиялық білімін жетілдіріп үйренумен қатар, сол білімін күнделікті ісінде шебер пайдалана білетін болуы керек. Дүниежүзінде ғаламдану үрдісі жүріп жатқандықтан, ақпараттар ағыны көбейеді. Мұғалім қай пәннен сабақ бермесін, ол баланың өмірдің әр саласына қатысты кез-келген сұрағына жауап беруге даяр болуы керек.

Бүгінгі таңда еліміз бен әлемде болып жатқан экономикалық – әлеуметтік дамулар білім беру саласына өзіндік ықпал тигізуде. Қазақстанның болашақ дамуына арналған «Қазақстан - 2030» бағдарламасында тәуелсіз мемлекет құруда еліміздің әрбір азаматы өзінің қоғамдағы алатын орнын саналы түсінуі және ел экономикасын бүгінгі сұранысына жауап бере алатын тәрбие, білім алуы қажеттілігіне баса назар аударылған. Келешек ұрпаққа білім берудің міндеттері мен мәні, мазмұны мен түрлері жан-жақты қайта жаңартылып, инновациялық білім негізінде жаңа сапаға жету міндеті көзделуде. Білім мазмұнын анықтауда, толықтыруда, оқу-әдістемелік тұрғыда жаңалауда педагогикалық жолмен дидактикалық міндеттерді белгілеуге тірек болады. Алдыңғы қатарлы педагогикалық іс-тәжірибеде шәкірттердің жалпы білімдік біліктілігі және дағдысымен қатар креативтіліктің де қалыптасуына назар аудауды қажет етеді.

Ең алдымен, мұғалім – адамгершілігі өте жоғары адам. Заман талабына сай қазіргі педагог педагогикалық, психологиялық ғылымның озат идеялары мен ғылыми теорияларын өз іс-тәжірибесінде сыннан өткізіп, талдап, оны тәжірибелік тұрғыда қолданып, әр күн сайын толықтырып отырумен де ерекшеленеді. Біртұтас педагогикалық үрдістегі креативтілікті дамыту, біріншіден, педагогикалық идеяларды жүзеге асырудан басталады (В.А. Мижериков).

Мұғалім жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік, ойшылдық қасиеті бар маман, білімді де білікті, көп оқитын, білімін күнделікті ісіне шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға үйрете алатын болу керек. Бұл – өмір талабы. Мұғалімде ұйымдастырушылық, құрылымдық, бейімділік, сараптамалық қабілеті болу шарт. Ол сонымен қоса ұлттық құндылықтарды яғни этнопедагогика, этнопсихология негіздерін меңгеру қажет, ғаламдасуға байланысты «Ғаламтор» жүйесін жетік меңгерген, әлемдік білімге сай, мәдениеті жоғары жеке тұлға тәрбиелей алатын ұстаз болу қажет (О.А. Лапина).


Озат тәжірибелерді зерттеп, жинақтаудың кез келген түрінде жетістікке жету тікелей педагогтың ғылыми теориялық білімділігі мен шығармашылығына байланысты. Сонымен қатар оқушылардың мектеп бағдарламасындағы материалдардың негізгі бөлімдердің толық көлемде игеріп, әрбір тақырыпты, өзгелерге түсіндіре білу, өз ойын жеткізе білу, яғни сөйлеу мәдениетінің жоғары болуының маңызы зор.

Атақты Аристотель сөйлер сөздің үш элементтен құралатынына яғни шешеннің өзі, ол тілге тиек етер негізгі нысан және тыңдаушылар екенінен ерекше мән берді. Бүгінгі таңда шешен ретінде – мұғалім, тыңдаушы ретінде – оқушы, ал тілге тиек етер нысан – пәндік бағдарлама, оқулық мазмұны болмақ. Мұғалімнің басты мақсаты – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттеліп, сараланған білім беру үлгісінің басын бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің өркениеті негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру (В.С. Кукушин).

Міне, осындай талаптарға сай келетін жан – кәсібилігі жоғары ұстаз болады. Қазіргі күні мемлекет барынша ұстаз мәртебесін арттыра отырып, олардың кәсіби

шеберлігін арттыруына қолайлы жағдай жасап, маңызды шешімдер қабылдауда. Мұғалімнің кәсіби шеберлігінің санатын арттыруды көздеп, болашақ ұрпақтың әлемдік білім деңгейіне сай болып білім алуына ықпал жасауда. Сондықтан да, мәртебесі жоғары «Ұстаз» атына кір келтірмей, абырой-беделіне сай кәсіби шеберлікті арттыру-ол әрбір мұғалімнің оқу жылы алдындағы жыл сайынғы міндеті болуы тиіс.

Білімнің іргетасы бастауыш сыныпта қалатыны сөзсіз, сондықтан бастауыш сынып мұғалімі ақ парақтай кіршіксіз оқушыға қалай тәлім, білім берсе, орта буын, жоғары буынға барған кезде оқушылар сөзсіз білімді нақты игере алады. Яғни бастауыш сынып мұғалімдеріне қойылатын талап өте жоғары, олай болса мұғалімнің келбетін төмендегі суретпен сипаттап көрейік:



Сурет 1 – Бастауыш сынып мұғалімдеріне қойылатын талап сипаты

Біздің ойымызша мұғалімнің бойында осы қасиеттердің барлығы болса, мұғалім оқушыларына толыққанды білім беріп кәсіби шеберлігін негіздейді.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған келесі мәселе – білім беру, ғылымды дамыту, өркениет біткеннің өзегі, білім, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. А.Байтұрсыновтың «Мектеп керектері» еңбегінде былай делінген: «...Мұғалім қандай болса, мектеп хәм осындай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика әдістемеден хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім».

«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім мектептің жүрегі» - деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай: қазіргі мектеп алдындағы міндеттерді шешуде мұғалімнің кәсіптік мәдениеті басты шарт екені аян. Бүгінгі таңда мұғалімнің ұстаздық тұлғасын қалыптастыру күшеймесе, кеміген жоқ. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, жаттандылықтан аулақ, практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог-педагогтік диагностика қоя білетін іскер мұғалім керек.

ҚР орта білім беру жүйесі дамуының мемлекеттік тұжырымдамасында «Кез-келген білім бағдарламасының табысты орындалуы мұғалімге байланысты. Оның кәсіби шеберлігі нысаналы бағдарламаны да, оқу жоспарын да биік деңгейде жүзеге асыруға ықпал ете алады, ал кәсіби дәрменсіздігі істі құлдыратады...» делінген. Жеке тұлғаны тәрбиелейтін адам – мұғалім, мұғалімге сенім білдірмесе, оқу игі жеміс бере алмайды, сондықтан қоғамымыз мұғалімге үлкен сенім артып отыр.

Мұғалім – қоғам айнасы. Ертеңгі күнімізге аттамас бұрын ұстаздың кім екендігіне баға беріп көрелік. Бүгінгі мұғалім ана, бала бағбаны, қоғам қайраткері. Мұғалім оқытушы, мұғалім-ұстаз, мұғалім-оқулық авторы, мұғалім-технолог, мұғалім-жаңалықты дәріптеуші, таратушы.

**Ұлттық мемлекеттің дамуы, өркениеті негізгі үш шешуші кезеңнен тұрады:**

1. Жаңа ғылыми жаңалықтарды игеруі
2. Білімнің деңгейін көтеруі
3. Мамандардың кәсіби білімімен айқындалуы

Белгілі педагог К.Ушинский: «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімділігі де тоқтайды» - деген. Сондықтан ұстаз-шәкірт-ұстаз болуы қажет. Белгілі ағартушы педагог ғалымдар: С.Қалиев, Ә.Нысанбаев, Ш.Т.Таубаева, Қ.Жарықбаев тағы басқа ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, мұғалімнің мәдениеті шеберлігін, интеллектуалдығын бірнеше бөліктермен анықтауға болады;

1. Мұғалімнің сыртқы келбетінің мәдениеті
2. Мұғалімнің өзін-өзі басқару шеберлігі
3. Мұғалімнің кәсіби мәдениеті, әдебі, сөйлеу шеберлігі, шешендік қасиеті, демалуы, дауыс ырғағы, сазы

4. Ілтипаттылығы, сенімі, әділдігі, төзіммен сабыр сақтауы

Ұстаздық қызметтің қыры-біз сыры-мол, сондықтан да ұстаздар өз ісінің әрбір қыр-сырын жетік меңгеру, игеру жолында кәсіптік шеберлікті толық меңгерсе ғана бүгінгі қоғамымызды байытатын, дамытатын, жаңартатын адам тәрбиелеуге мол мүмкіндік ашылатыны күмәнсіз.

Мұғалімнің кәсіби білік дағдылары оның жеке кәсіби педагогикалық мәдениетін көрсететін өлшем. Олай болса жаңаша өмірге бет бұрып, жаңаша ой түзеген егемен еліміздің ұрпағын білім нәрімен сусындататын саналы тәрбие, сапалы білім беретін жеке тұлға, мәдениетіміз кәсіби шеберлігі шыңдалған мұғалім – ғасыр көшін бастаушы болап табылады.

Мұғалім – бүгінгі, маман – ертеңгі қоғамның, елдің тірегін өмірге дайындаушы. Мұғалім мамандығының құндылығы да осында деп түсінгеніміз дұрыс.

Білімді де білікті маман даярлаудың мақсаты – маманның бойында іргелі де жүйелі білім, кәсіби іскерлік пен дағды, шығармашылық белсенділік пен еркіндік, мәдени ойлай білу қабілеттерін қалыптастыру болса, білім ғасырындағы білім берудің жаңа жүйесі нені оқыту (білім мазмұны), қандай жүйеде оқыту (құрылымы), қалай оқыту (педагогикалық технология) мәселелерін шешуге бағытталуда.

**Қорытындылай келе** жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – *мұғалімнің жаңашыл* болуы. Себебі, еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтың білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан сабақты жаңаша құрып, инновациялық түрлі тәсілдерін, педагогикалық білімдерді жетілдіре отырып, оны дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу әрбір ұстаздың міндеті болуы керек. Жаңару жолындағы Қазақстанға жаңаша ойлайтын, өмірге көзқарасы тың, ақыл-ой және шығармашылық әлеуметі қалыптасқан, рухани-адамгершілік мәдениеті жоғары шығармашыл *ұстаз* қажет. Қазіргі қоғамдағы мұғалім – шығармашылық дамуға, ұшқыр ойлауға қабілетті, мемлекеттің даму бағыттарын терең түсінетін маман бола алатын, мақсат қойып және жемісті еңбек нәтижесіне ұмтылатын тұлға.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты Алматы, 2018ж. 202 б.
2. Березин Н.А. Проблемы педагогического общения. М.2019. 99-103с
3. Мудрик А.В. Учитель: Мастерство и вдохновение. – М.2015г. 222 с.
4. Қазақстан Республикасында 2030 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.- Астана 2018ж. 2016.
5. Мижериков В.А., Введение в педагогическую деятельность. -М., 2015г. 134-136с.
6. Кукушин В.С. Введение в педагогическую деятельность. Ростов-на дону. – 2015 87с.
7. Садыков Т.С. и др. О разработке ведущих идей в профессиональной подготовке будущего специалиста / Вестник АГУ им. Абая. №5(5), 2017г.67с.
8. Лапина О.А. Введение в педагогическую № специальность: Учеб.Пособие для вузов/ О.А.Лапина, Н.Н.Пядушкина. - М.: Академия, 2018г. 12с.

9. Батурина Г.И., Кузина Т.Ф. Введение в педагогическую профессию.М., 2019г.63-65с.
10. Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя: от теории к практике. Монография: Алматы «Гылым», 2015ж .301с.
11. Жарыкбаев Қ.Б. Психология. Алматы: Мектеп, 2016ж, 196б.